

Л.Н. ГУМИЛЕВ  
АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ



# ХАБАРШЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

1995 жылдан шыға бастады

ISSN 1028-9364

АНУЭЛТІК  
№18



№ 3 (70)

2009

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

Основан в 1995 г.

# ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКИЙ  
НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ  
ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА

Д. С. ІЛИЯСОВА

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ КӨРКЕМ ПРОЗАДА ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

(С.Мұратбековтың "Бір өкініш, бір үміт" әңгімесі бойынша)

Әрбір ұлттың өз алдына ұлт болып танылу белгілерінің бірі- ұлттық тіл. Тіл- қоғамдық қарым- қатынастың ерекше сипатын білдіретін құнды құрал. Халықтың ұрпақтан- ұрпаққа ғасырлар бойы үзіліссіз беріліп келе жатқан ұлттық мұрасы.

Халық тілінің құнарлы да, сүбелі бейнесі сол халықтың көркем әдебиеті арқылы көрінеді. Соңғы жылдары өз алдына жеке ғылым болып қалыптасқан лингвомәдениеттанудың басты міндеттерінің бірі- мәдениеттің тілде бейнеленген және сақталып қалған көріністерінің түп төркінін айқындау болып табылады. Көркем туынды- ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткіші. Көркем сөз кестесімен өрілген әдеби шығармалардың бейнелілігі мен дәлдігін, ұлттық тілдің сұлу айшықтарын ашып көрсететін тілдік құралдардың бірі- фразеологизмдер. Тіліміздегі ұлттық дүниетаным мен мәдениет көрініс тапқан ұлттық реңктегі фразеологизмдер- келешек ұрпаққа берер рухани қазынамыз. Фразеологизмдер- кем дегенде екі сөздің тіркесуінен жасалып, мағына тұтастығын, құрылым тұрақтылығын сақтап, даяр күйінде қолданылатын тұрақты тіркестер. Аз сөзбен көп мағына беретін, даналық ой мен ақыл өсиетті өз бойына жинаған айрықша мәнерлі сөз өрнегі.

Көркем шығарма тілінде "халық қазынасы" болып табылатын фразеологизмдер экспрессивтілігі мен эмоционалдылық бояуы күшті тілдік құралдар болып табылатындықтан, олардың ерекшеліктерін тану- басты мәселе.

Көркем әдебиет тілі стилистикасы жалпыхалықтық тіл аясынан шыққан барлық сөздерді өз бойына сіңіреді, әдеби тіл стилінен басқа стильдің сөздерін де пайдаланады. Басқа стильдегі сөздер көркем туындыда қызметі өзгертіліп, эстетикалық қызметке көшеді де басқа жүйелілік құрастырады.

Академик М.Серғалиевтің: "Көркем әдебиет тіліне тән ерекшелік- оның көп стильдігі. Мұның мәнісі- көркем әдебиет шығармаларында басқа функционалдық стильдердің элементтері кездесіп отыр деген сөз. Қандай да көркем туындының /әсіресе, прозаның/ көп кейіпкерлерден, оқиғалардан тұратынын ескерсек, тілдік құралдардан да көп түрлі пайдаланылатыны белгілі" [1, 175] - деген ғылыми пайымдауына сүйене отырып, көркем проза фразеологизмдерінің әр түрлі стилдік реңкте қолданылатынын айта кету орынды.

Сондай- ақ, басқа стильдердің құралдары толық құрамда жұмсалмайды, бұл жерде стиль ауыспайды, стилдің жекелеген тілдік элементтері мен "кірме" стильдің реңктік белгілері пайдаланылады.

Көркем туынды тілінің қызметі басқа стильдерге қарағанда, күрделі деуге болады. Себебі, көркем әдебиетте адамдар арасындағы қарым-қатынас, кейіпкердің әр түрлі мінезі, қуану, ренжу сәттері, бір сөзбен айтқанда, психологиялық сезім-күйлері, әлеуметтік ортасы сияқты жағдайлар жазушыны әр сөздің эстетикалық мәніне көңіл бөлуге міндеттейді. Көркем әдебиет тілі тек бейнелілігімен ғана емес, эстетикалық бағыттағы экспрессивтілігімен де ерекшеленеді.

Қазақ тілі қазынасындағы тұрақты тіркестердің релеванттық қасиетін айқындау, қазақ фразеологизмдерін ішгей саралап бөлу, фразеологиялық мағынаның қалыптасуы, фразеологизмдердің құрам сипаты, стильдік ерекшеліктері, мақал-мәтелдерден айырмашылығы мен ұқсас тұстары, грамматикалық сипаты сияқты фразеологияның көкейкесті мәселелерін қазақ тіл білімінің күн тәртібіне қойып, осы саланың дербес пәнге айналуының негізін қалаған ғалым, академик І.Кенесбаев болды. А.Ысқақов, М.Балақаев, Т.Қордабаев, Ә.Т.Қайдаров, Р.Сыздық тәрізді қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдері де қазақ фразеологиясының дербес пән болып қалыптасу, даму жолында көптеген мәселелерді ғылыми тұрғыдан шешуге ат салысты. Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиев еңбектерінде қазақ фразеологиясының теориялық мәселелері жинақтала сөз болды. Р.Сәрсенбаев зерттеулерінде фразеологизмдердің мақал-мәтелдермен, нақыл сөздермен ара-қатысы айқындалды.

Фразеологизмдер табиғаты және олардың қызметі, сондай-ақ, көркем шығармадағы қолданысы В.Виноградов, А.Ефимов, Ғ.Мұсабаев, А.Ысқақов, К.Аханов, Ә.Хасенов, Х.Қожахмеданов

това, К.Смағұлова, Р.Авакова, Қ.Сарекенова, Ж.Қоңыратбаева, Г.Мұхаметкалиева еңбектерінде ғылыми түрде сараланып, зерттеледі.

"Көркем шығарма тіліндегі фразеологиялық тіркестерді талдау- әрбір автордың өзіндік стиль жасаудағы тілдік тәсілдерінің бояу-өрнегін айқындау болып табылады. Жазушының көркемдік нақыш, қырын танытатын сөздер- осы фразеологизмдер" [2, 124].

Фразеологиялық оралымдардың жазушы тілінде стильдік және құрылымдық жағынан өзгеріске түсіп, жаңа эмоционалды-экспрессивті мағынада келуі, олардың өздерінде бар көркемдік қасиеттерінің үстіне жаңа эстетикалық сипат дарытады. Жаңа сападағы тұрақты оралымдар автор және кейіпкер тілінде көркем-стилистикалық бояуды қалындатып, жазушының сөз ойнату шеберлігін танытады. Күлімсіреген өңі көлеңке түскендей лезде жабырқау тартып, көз алдымызда өзі де жүдей бастаған. -Әй, сендер, айтсам айтқандай көксөккандар екенсіңдер, - деді көзі шатынап лезде ыза болған Әжібек (С.М.). Келтірілген сөйлемдердегі берілген сөз тіркестері метафора түрінде келіп бейнелілік сипатқа ие.

I.Кеңесбаев фразеологизмдерді тілдегі басқа да бірліктерден (сөзден, күрделі сөздерден, еркін тіркестен) ажыратып тануда басшылыққа алынатын ең басты ұстаным, ең негізгі критерийлер ретінде мынадай белгілерді атап көрсетеді:

1) мағына тұтастығы, яғни фразеологизм құрамындағы сөздер өздерінің бастапқы мағынасынан түгел немесе жартылай айрылып қалып, шоғыр тіркес түрінде біртұтас мағына беруі;

2) тіркес тиянақтылығы, яки фразеологизм құрамындағы сөздердің орын тәртібі нық болып, өзара жымдасқан тіркес қалпын барлық жағдайда сақтауы;

3) қолдану тиянақтылығы, яғни фразеологизмнің әрдайым айна қатесіз, бұлжымай, даяр қалпында жасалуы.

Осы үш белгінің үшеуі де өз бойынан табылған жағдайда ғана лексикалық- грамматикалық тұлға фразеологиялық бірлік деңгейіне көтеріліп, фразеологиялық категорияға айналады, тілдегі өзге де тілдік категориялардан оқшауланып, өзіндік дара бітіммен тіл ішінде өмір сүреді [3, 590].

Фразеологизмдердің мағына тұтастығына байланысты қасиеті оның құрамындағы сынарлардың жеке-дара тұрып беретін мағыналарынан мүлдем басқаша болып келетін фразеологиялық жиынтық мағынадан айқын байқалады. Мәселен, аузына құм құйылды фразеологизмі "сөзден тосылды, ештеңе дей алмай қалды" дегенді білдіреді. Мұнда ауыз, құм, құйылды сөздері тура мағыналарында емес, тұтасып келіп, бір шоғыр құрап, бейнелі ауыспалы мағынада жұмсалып тұр. Екі езуі екі құлағында (өте көңілді, көңілі көтеріңкі, қуанышты, мәз-мейрам), құр ауыз кетті (дәм татпады, ештеңе ішпеді), қара сөзді қамшы қылды (тауып сөйлеуді көздеді) т.б. фразеологизмдер бүтін бір сөздің орнына жұмсалатын, мағыналық жағынан біртұтас бірліктер. Бұл фразеологизмдер құрамындағы сөздердің орын тәртібін ауыстыруға немесе қайсыбір сынарлардың орнына басқа сөздерді қоюға келмейді. Онда мағыналық біртұтастық, тіркестік тиянақтылық, фразеологиялық даяр қалып бұзылады, тіптен тіркес өзінің бейнелілігін жояды, экспрессивтік-эмоциялық күшін жоғалтады, мән-мағынасынан айырылады.

Қаламгер тұрақты тіркестерді автор сөзінде де, кейіпкер сөзінде де қисынын тауып, орынды пайдалана білген. Мұндай тіркестер жазушы туындыларында әр түрлі стильдік мақсаттарға орай орын табады. Олар кейіпкер бейнесін жасауда, портретін беруде, кейіпкерге тілдік мінездеме беруде, сондай-ақ қаһарманның басындағы психологиялық жай-күйді аңғартуда өте сәтті қолданылған. Кейіпкер тіліндегі қарапайым, дөрекі фразеологизмдердің де стильдік қызметі зор. Мұндай тіркестер кейіпкер мінез-құлқын ашуда таптырмас құрал болып табылады. Тұрақты тіркестердің сәтті қолданылуы, мазмұн әсерлігіне қызмет етуі қаламгер шеберлігінің бір қыры деуге болады.

"Фразеологияның көріктегіш тәсілдеріне жазушының жалпы тілге тән фразеологиялық тіркестер мен идеомаларды, мақал-мәтелдерді мақсатқа сай қолдануы немесе оларды өзгертіп, тіпті жаңадан фразеологиялық тіркестер қанатты сөздер жасап, қолдануы" [4, 36].

Фразеологизмдер көркем туынды да шығарма тілінде образды, бейнелі реңк беру, эмоционалды-экспрессивті бояуын арттыру мақсатында жұмсалатын тілдік бірліктер. Фразеологизмдерді шебер түрде, ұтымды пайдалану автордың шеберлігін, тіл байлығын танытады.

Белгілі ғалым Р.Сыздық: "фразеологизмдер- сандаған жылдар мен ғасырлардың қазынасы, сонымен қатар, ол жеке қаламгердің табысы, еңбегі, ізденісі", -деп тұжырымдайды [5, 95].

"Фразеологизмдер тіл-тілдің бәрінде бар құбылыс және бұларды тілдің бөлекше сипаттағы шырыны мен сүрі таусылмайтын дәмді элементтері деп айтуға болар еді. Тілдің бай-

синтаксистік модельдерінің алуан түрлі болып келуінде ғана емес, сонымен қатар тақырыптық және семантикалық тұрғыдан сан түрлі, көп қырлы болуында, ойдың әр алуан эмоционалды-экспрессивті реңктерін білдіруге айрықша қабілеттілігінде" - дейді академик Ә.Т.Қайдаров [7, 202].

Фразеологизмдер- күрделі лингвистикалық бірліктер екендігін айта келе, Ә.Қайдар олардың күрделілігін тек құрылымдық түрлері мен синтаксистік модельдерінің көпшілігімен ғана емес, сонымен қатар семантикалық көпжақтылығымен, сондай-ақ ойдың түрлі эмоционалды-экспрессивті реңктерін бейнелеу мүмкіндігімен түсіндіретініне тоқталады.[8, 202].

"Фразеологиялық тұлғалар өзіндік қолданылу ерекшеліктеріне қарай "мәтін ішінде мәтін жасап" бір тіркес емес екі немесе одан да көп мағыналас фразеологизмдермен ерекше қатар түзейді. Мұндай жағдайда стильдік әсер мен стильдік бояу бір сөйлеу ішінде әр қырынан көрініс табады. Мәселен, мағыналас фразеологизмдер шоғыры сөйлеуші мен айтушының ойын жеткізуде таптырмайтын мәнерлілік туғызады" [9, 131]

Мұндай күрделі лингвистикалық құрылым бірден пайда бола салмағаны, еркін тіркес негізінде жасалып, уақыт озған сайын біртіндеп қалыптасқаны сөзсіз. Орыс фразеологы А.И.Молотков: "Еркін сөз тіркесінің ауыс мағынада жұмсалыуының нәтижесінде оны құраушы сөздер өздерінің бастапқы мағыналарынан айырылып, біртұтас мағына беретін шоғырдың бөлшектеріне айналады. Фразеологизмнің жасалуына арқау болған әу бастағы еркін тіркесті фразеологизмнің прототипі деуге болады" -дейді [10, 60]. Сондықтан да фразеологизмдер өздерінің сыртқы тұрпаты жағынан еркін тіркестерге ұқсады, оларды сыңарлар арасындағы грамматикалық байланыстардың белгілі бір формаларына негізделген, тілде бұрыннан бар сөз тіркестерінің модельдері орын алады.

Көркем шығарма тіліндегі тілдік фактілерді талдау, сараптау арқылы сөздік қорға жана сапада қосылған фразеологизмдерді тануға және де қаламгерлердің жеке даралық стилін анықтауға мүмкіндік туады. Авторлық қолданыстағы фразеологизмдер көркем әдебиет тілін жана қырынан танытып, оның стильдік жағынан өркендеп өсуіне ықпалын тигізеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. -Астана, 2006. -367б.
2. Авакова Р. Фразеологиялық семантика. -Алматы: Ғылым, 2002. -150б.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. -Алматы: Ғылым, 1977. -712б.
4. Сыздыкова Р. Абайдың сөз өрнегі. -Алматы: Ғылым, 1995. -207б.
5. Айтбаев Ә. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. -Алматы: Рауан, 1975. -228б.
6. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. -Алматы: Ғылым, 1998, -304б.
7. Кайдар А.Т. Принципы классификации фразеологизмов и их классификационные группы в современном казахском языке// Актуальные проблемы казахского языка. -Алматы: Ғылым, 1988. -280б.
8. Смағұлова К. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Филол. ғыл. докт...дисс. - Алматы, 1998.- 292б.
9. Смағұлова К. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің варианттылығы. Филол. ғыл. канд... дисс. -Алматы, 1993. - 211б.
10. Молотков А.И. Основы фразеологии русского языка. -Ленинград: Наука, 1977. -237б.

Редакцияға 25.03.09 қабылданды.

## Р. КӘРІМЖАНОВА

### XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ РУХАНИ АЛМАСУЛАРЫ

Төл сөз өнеріміздегі әдеби байланыстар үрдісін сол тұста өмір сүрген түркі тілді туысқан елдердің де, өзіміздің де әдебиет майталмандарының шығармашылығынан байқау қиын емес. Атап айтқанда, екі ғасыр аралығындағы әдебиеттің көрнекті өкілдері Шәкәрім, Шәді, Мәшһүр Жүсіп, Мақыш Қалтайұлы, Ғұмар Қараш, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Бернияз т.б. шығармашылықтарына араб-парсы, тәжік және өзбек әдебиетінің ғана емес, басқа халық әдебиетінің игі ықпал еткендігін аңғарамыз. Мәселен, татар жұртшылығы және оның мәдениетімен байланысын Ғ.Қараш, Мәшһүр Жүсіп, Мақыш Қалтаевтардың Қазан, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында кітап шығаруынан анық көруге болады.